

Жаңа сабақ	<b>Бб дыбысы мен әрпі.</b>		
Кезең. (2 мин)	Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықтарын тексеру Түгендеу, партаға дұрыс отыру.	Оқушылардың іс-әрекеті Сабаққа зейінін аудару.	Қолданылатын модуль
Білу (8 мин)	<b>Өткен сабақты қайталау.</b> <b>Үй жұмысын</b> тексеру карусель әдісі арқылы тексеріледі. Балалар ортаға тұрып бір-біріне сұрақтар қою арқылы үй жұмысын тексереді. Бір-бірін қол шапалақтау арқылы бағалайды. -Балалар біз өткен сабақта қандай әріппен таныстық? - Б дыбысы қандай дыбыс? - Б дыбысы сөздің қай жерлерінде кездеседі? Б дыбысына сөздерді айтады, сөйлемдер құрайды. Текшелермен дыбыстық, буындық талдау жасайды. Көп, тез, дұрыс айтқан оқушыларды мадақтау	Өтілген материалдар бойынша сұрақтарға жауап беру кітаптың 61 бетіндегі сөздерді оқиды.	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер  СТО  Жас ерекшелік
Түсіну (10 мин)	Оқулықпен жұмыс Оқушылар оқылықта берілген «Орман мәтінін оқиды» Хормен, тізбектей оқиды	«Орман» мәтінін оқиды, сурет бойынша жұмыс істейді	
Талдау (10 мин)	Экранда сурет көрсетем оқушылар суретпен жұмыс істейді. Бағыт-бағдар беріп отыру арқылы тапсырмаларды орындатам Балалар бағандағы сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буын түрлерін анықтайды бақа, қабак, бота, Айбол, дорба.  <b>Болат.</b> Алты жасар Болат ауылға барды. Ағасы Дулатта ат бар. Ат қорада. Қорада мал да бар. Ауылда тамаша.	Суретке сай әңгіме құрайды.	

	<p>Талдау жұмысы Оқи алатын оқушыларға төмендегі мәтінді беремін.</p> <p style="text-align: center;"><b>Балықшылар</b></p> <p>Балғын мен Берік қармақтарын алды. Олар көлге барды. Балалар көл жағасына орналасты. Көлдің маңы өте көрікті. Балғын суға қармақ салды. Ол бес балық аулады. Берік отын әкелді. Ол от жақты. Балықты отқа қақтады. Балалар кешке ауылға оралды.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балғын мен Берік не алды?</li> <li>2. Балалар қайда барды?</li> <li>3. Көлдің маңы қандай болды?</li> </ol> <p>Балалар не істеді? Б әрпінің бастыру және жазып жаттығуға арналған жұмыстарды орындату</p>		
<p>Жинақтау (синтез) (2 мин)</p>	<p style="text-align: center;"><b>Сергіту сәті</b></p> <p>Экранға қарап жасау. Экранда қимылдар көрсетілген бейне жазба, балалар қимылдарды қайталайды</p> <p><b>Дәптермен жұмыс</b> Мәтінді оқыту 63 бет Балалар мәтінді бір-біріне оқиды, қателерін түзейді. Балалар, мына суретте ненің суреті? Кім әңгімелеп береді? Суретті балабақшадағы балалардың суреті.</p> <p><b>Тақтамен жұмыс</b> Балабақша сөзінен бірнеше сөз құрап оны тақатаға жаздыру. Бал, бала, бақша, ақша, ала, бақа. Ұқыпты, таза жазу</p> <p><b>«Б» дыбысы</b> <b>1-деңгей</b> Әріп диктанты ш, й, р, о, қ, д, м, а, л, т, Дауысты дыбыстардың астын қызыл түспен, ал</p>	<p>Қимылмен келтіре отырып қайталау.</p> <p>«балабақша» әңгімелеп беру мәнерлеп оқу. Балабақша туралы әңгімелейді.</p>	

	<p>дауыссыз дыбыстардың астын көк түспен сызындар Осы әріпке буын құра</p> <p><b>2-деңгей</b> Тарбандаған құбыжық, түрі қандай жап-жаман. Ол не? Жұмбақтың жауабын тауып дыбыстық талдау жаса</p> <p><b>3-деңгей</b> Осы сөзді қатыстырып әңгіме құрастыр</p> <p style="text-align: center;"><b>Сергіту сәті</b> 1,2,3</p> <p style="text-align: center;">Қолға жинап күш. Жақсы баға аламыз. Қуанып қол соғамыз.</p> <p><b>Топтық жұмыс</b> 1 қатар бақа сөзіне 5 жол өлең 2 қатар суретін сал 3 қатар бақаға байланысты мәлімет жинау</p>		
Бағалау (2 мин)	<p>Рефлексия</p> <p>Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды мадақтау.</p> <p>Сабақты бағдаршам арқылы бағалау.</p>	Сабақтағы өз іс-әрекеттерін бағалау	
Үйреніп, біліп келуге тапсырма	Әліппе серігінен өлең жаттату, "С" дыбысына сөздер ойлап келу (1 мин)		